

# «Достықтың жол картасы» Шығыстан бастау алды

29 сәуір 2013 | 19:04 | Қоғам | Қаралған: 2474 | Пікірлер: 0



Облыс орталығындағы этноауылда аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВТЫҢ төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XX мерейтойлық сессиясында Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ алға қойған міндеттерді жүзеге асыру шараларын кеңінен талқылаған Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясы болып өтті.



Сессияның жұмысына Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ералы Тоғжанов, Парламент Сенатының депутаты Талғатбек Абайділдин, Ресей Федерациясы Алтай өлкесі әкімшілігінің азаматтық қоғам институттарымен байланыс жөніндегі департаментінің бастығы Валерий Труевцев және елге танымал бірқатар жерлестеріміз, облыстағы барлық этно-мәдени бірлестіктердің, Достық үйлерінің жетекшілері мен өкілдері қатысты.

Сессияның жұмысын бастаған аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ алдымен осынау маңызды шараға арнайы келіп, қатысқан мәртебелі меймандарға алғысын білдіре келе, Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып жатқан жұмыстары жайында баяндады.

– Қазақстандағы 130-дан астам ұлттың өкілдері бір-бірімен өзара түсіністікте, бірлікте, бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүруде. Бүгінгі мынау этноауылда бас қосып отырғанымыздың өзі бекерден-бекер емес. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ Тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінен бастап-ақ, Қазақстандағы халықтардың бірлігіне баса мән беріп келеді. Соған байланысты бізге үнемі жаңа міндеттер мен тапсырмалар жүктеледі. Облыста 99 этно-мәдени бірлестік, 9 Достық үйі тұрақты да жемісті жұмыс істеуде. Ұлттардың тілі мен мәдениетінің сақталуына мүмкіндік туғызатын арнайы жексенбілік мектептер де бар. Жақында ғана Бесқарағай ауданында ашылған Достық үйін еліміздегі теңдессіз үйлердің бірі деп айтуға болады. Онда жұмыс істеп жатқан бес этно-мәдени бірлестік өкілдеріне барлық жағдай жасалған. Бұл – 28 мыңдай халқы бар аудан үшін үлкен жетістік. Бүгін біз Ассамблеяның мерейтойлық XX сессиясында Елбасы міндеттеген мақсаттарды облыста жүзеге асыру жолдарын талқылау үшін жиналып отырмыз. Оның алғашқы қадамдары облыстан барған Ассамблея мүшелері Астанадан орала салысымен басталып та кетті, – деді облыс Әкімі.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ералы Тоғжанов елімізде Бірлік мерекесін атап өту қазірден басталып кеткендігін айрықша атады.

– Қазақстан халқының бірлігі күні бес мыңға жуық іс-шара өткізуді жоспарлап отырмыз. Шығыста, міне, бүгіннен бастау алып кетті деп айтуға толық негіз бар. Жалпы, Шығыста кез келген дүние бірінші болып қолға алынады. Бұл басшыға да байланысты деп ойлаймын. Аумағы 46 гектарға созылған дәл мұндай этноауыл еліміздің басқа аймақтарында жоқ. Сіздерден бастау алған «Достықтың жол картасы» шарасының да бергені көп болды. Сондықтан бәріміз мұнда Елбасы міндеттеген жаңа тапсырмаларды іске асыру мақсатында бас қосып отырмыз. Мемлекет басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ халықтар арасындағы бірліктің жемісі туралы үнемі айтып келеді. Ішкі тұрақтылығы бекем елдің экономикалық дамуы да мықты болады, әлеуметтік мәселелері де шешіледі, саяси тұрғыдан да өзге әріптестерінен оқ бойы алда тұрады. Қазақстанның қазіргі қол жеткен жетістігі көп жылғы тұрақты жүргізілген дұрыс саясаттың арқасында мүмкін болып отыр деп есептеймін. Тағы бір айта кетерлігі, әлем бойынша да Ассамблея қызметі тек Қазақстанда ғана жұмыс істеп келе жатқандығын атап өткен жөн. Ассамблеяның жұмысы алдағы уақытта да еліміздегі ішкі бірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жалғаса бермек, – деді Ералы Тоғжанов.

Сонымен қатар, Ералы Тоғжанов Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» атауымен айшықталған маңызды құжаты жайында да көңінен түсінік берді.

### **Алтай өлкесінде «Атамұра» орталығы жұмыс істейді**

Ресей Федерациясы Алтай өлкесі әкімшілігінің азаматтық қоғам институттарымен байланыс жөніндегі департаментінің бастығы Валерий Труевцев өз ойымен бөлісті.

– Алтай өлкесінде 140-тан астам ұлт өкілдері тұрады. Сегіз мыңға жуық қазақтар мекен етеді. «Атамұра» қазақ ұлттық мәдени орталығы тұрақты жұмыс істеп келеді. Екі қазақ мектебі бар. Алтайдағы техникалық университетте және педагогикалық академияда қазақ тілі мен әдебиетін оқыту орталықтары жұмыс істейді. Ондағы студенттер облыс Әкімінің Барнаулға жасаған сапары барысында сыйлап кеткен қазақтың классик жазушыларының шығармаларын аса қызығушылықпен оқиды. Сонымен қатар, Алтай өлкесінің әкімшілігі де үнемі қазақ тілінің және мәдениетінің өркен жаюына қолдауын білдіріп келеді. Екі елдің шекаралас аймақтары арасында ғылым мен мәдениет саласында берік ынтымақтастық баяғыдан тамырын тереңге жайған, – деді ол.

Өңірде өткен семинарға аса ықыластық танытып, арнайы делегация жібергені үшін Алтай өлкесінің басшылығына ризашылығын жеткізді облыс Әкімі. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қазан айында облыс Алтай аймағының губернаторы бастаған делегацияны қарсы алмақ. Ол кезде де ынтымақтастық шеңбері кеңейе түспек. Мұндай ауқымды шаралар тұрақты негізде жалғасын табатын болады.

Өңірде 10 жылдай жұмыс істеп келе жатқан халықаралық «Алтай – ортақ үйіміз» үйлестіру кеңесінің тең төрағасы Василий Ахаев трансшекаралық аймақтарда жүзеге асырылып жатқан жобаларға тоқталды. Аты айтып тұрғандай, Қазақстан, Ресей, Қытай, Моңғолия мемлекеттерінің аумағындағы алты нысанның басын қосатын кеңес тұрақты экономикалық даму жолына бағыттайды. Василий Ахаев баяндамасында Алтайдың био-экологиялық жағдайының сақталуына бірге атсалысу, оның байлығын бірге пайдаланумен қатар, экологиялық жағын да бірлесіп сақтап қалу, туристік кластерін дамыту бағытында аталған мемлекеттер арасында қолға алынған шаруаларды атады. Оның айтуынша, бірлескен шаралардың жемісі де аз емес. Өсіресе, шығысқазақстандық тараптың атқарған шаруасы ұлан ғайыр екені кеңінен айтылды.

Айта кетейік, былтырдан бері облыс орталығында бірлескен шаруаларды жүзеге асыруға Ресей Федерациясының елшілігі де септігін тигізіп келеді. Сессияның жұмысына сол елдің консулы Сергей Анненков та қатысты.

### **Мемлекеттік тіл – ұлыстарды ұйыстыратын фактор**

Ал осы жиында өз баяндамасын қазақша жасаған Риддер қаласындағы украин этно-мәдени бірлестігінің мүшесі Алена Салимова мемлекеттік тілдің мәртебесін аспандата түскендей болды.

– Мен Риддердегі №3 орта мектепте қазақ тілі пәнінен сабақ беремін. Қазақ тілін ұлттық бірлікті нығайтушы фактор деп білемін. Қазақ тілін өз еркімен үйреніп, білу – отансүйгіштіктің бір түрі деп түсінемін. Орысша тәрбие, білім алып, ер жетсем де, қазақ тілінің маңыздылығын түсіне отырып, еркін сөйлейтін деңгейге жеттім. Үйде де қызыммен тек қазақ тілінде сөйлесеміз. Балаларымның да қазақ тілінде еркін сөйлегенін қалаймын, – деді ол.

Ал Шемонайха ауданынан келген неміс этно-мәдени бірлестігінің төрайымы Татьяна Филимонова, Бородулиха ауданынан келген беларусь этно-мәдени бірлестігінің мүшесі Королина Мыслейко өздерінің атқарып жатқан шаруаларын көпшілік назарына ұсынды.

Сессияның жұмысын қорытындылаған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ Шығыста атқарылған, достықты ту еткен іс-шаралардың бәрі де «Бір шаңырақ астында» ұранымен өтетіндігін, қасиетті шаңырақты қастерлей білу қажеттігін атап көрсетті.

– Елбасының тапсырмаларын орындай отырып, достықты жоғары бағалай білейік. Бұл бағытта тек форумдар мен жиындар ғана өткізумен шектелмей, «Алтай – ортақ үйіміз» секілді мемлекетаралық ірі жобаларды қолға алғанымыз абзал. Барлық сала бойынша байланысты нығайтуымыз керек. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» деген атаумен өткен XX мерейтойлық сессиясында Елбасы – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында тыңғылықты шаруалар атқаратын боламыз. Елбасы айтқандай, барлық қалалар мен аудандарда қоғамдық кеңестер құрылады. Оның алғышарттары бүгіннен бастап қолға алынады. Баршаларыңызды келе жатқан Қазақстан халқының бірлігі күнімен облыс басшылығының атынан шын жүректен құттықтаймын, – деді аймақ басшысы.

Содан кейін достықты ту еткен іс-шаралар жалғасып, этно-мәдени бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен «Бір шаңырақ астында» ұранымен үлкен мерекелік қойылым жиналғандар назарына ұсынылды.

Онда облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ құттықтау сөз сөйлеп, халықтар арасындағы бейбітшілік пен бірлікті нығайтуға ерекше үлес қосқан азаматтарды және Достық үйлерін марапаттады. Салтанатты кеште этносаралық келісім мен тұрақтылықты дамытуға қосқан үлесі үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» алтын медалімен облыстағы шешен-ингуш мәдени орталығының төрайымы Татьяна Кагерманова, Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығы жанындағы ғылыми сараптама тобының ақпараттық-талдау жұмыстарын жүргізетін маман Александр Алексеенко марапатталды. Облыс Әкімінің сыйлығына Глубокое, Бесқарағай, Бородулиха, Зырян, Шемонайха аудандарының, Семей, Риддер, Курчатов қалаларының және Өскемендегі облыстық Достық үйлері ие болды. Бірлік пен ынтымаққа арналған салтанат одан әрі өнер ұжымдарының мерекелік концертіне жалғасты.

**Дәурен Аллабергенұлы**